

«Камышинское» ЖШС жағдайында Ертіс сүтті типті симментал сиырларының және оның будандарының өнімділігі тақырыбындағы Нусупов Аманжан Максуткановичтың 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қазіргі таңда Республикамыздағы азық-түлік тауарлары экспортын 40 пайызға көтеріп, еліміздің 19 мил. астам халқын таза сүт және сүт өнімдерімен медициналық нормаларға сай тұтынуын қамтамасыз ету мал шаруашылығының міндетіне кіреді.

Республикамызда 5,2 мил. тонна таза сүт өндіріледі. Келешекте ірі малдарынан өндірілетін сүттің көлемін жоғарлату үшін әртүрлі жолдары қарастырылған.

Бұл мәселені шешу жолы тұқымдары мен генетикалық потенциалы жоғары малдардың сүт өнімділігін көбейтуде тұқым аралық будандастыру әдістері қолданылады. Бүгінгі күндегі Шығыс Қазақстан облысы жағдайындағы «Камышинское-2» шаруа қожалығындағы Ертіс типті сүтті бағыттағы симментал сиырларын пайдаланып будандастыру әдістері өзекті болып табылады.

Осыған орай, Нусупов А.М. диссертациялық жұмысында Ертіс типті сиырларының сүт өнімділіктерін бұдан әрі жоғарлату және симментал тұқымды малдарының өзіндік құндылықтарын жоғалтпау мақсаттарында шетелдік селекциядағы қызыл-ала голштин және отандық селекциядағы симментал тұқымдарымен будандастыру жұмыстарын жүргізген және зерттеген.

Диссертациялық жұмысын Нусупов А.М. Шығыс Қазақстан жағдайындағы «Камышинское-2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жүргізген.

Ертіс типті симментал сиырлары және олардың будандарының төл кездерінен бастап өсіп-жетілулері, тұмса сиырлардың сүт өнімділіктері мен экстерьерінің көрсеткіштері және өнімбергіштік қабілеттіліктері көрсетілген.

Зерттеу жұмыстары төлдердің өсіп-жетілулері, сиырлардың сүт өнімділіктері, өнімбергіштік қабілеттері, желіндерінің морфо-функционалдық құрылымдары және сүт беру жылдамдықтары қолданылатын әдістемелері мен мемлекеттік стандарттар талаптарына сай жүргізілген.

Диссертациялық жұмыста зерттеудің мақсаты мен міндеті тақырыпқа сай және толығымен ашылып жазылған. Ізденуші диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу жұмысына байланысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді пайдаланған.

Жұмыста келтірілген барлық нәтижелер ізденушінің тікелей қатысуымен алынып, тұжырымдалды.

